


# МЕБЕЛЬНАЯ ПРОМЫШЛЕННОСТЬ

январь-апрель 2023 г.



**28,5**  
МЛРД ТГ



- Мебель для сидения специальная в основном с металлическим каркасом
- Мебель офисная деревянная
- Мебель кухонная
- Мебель деревянная для спальни прочая (кроме кроватей и шкафов)
- Мебель деревянная для столовой и гостиной



**120,2%**  
ИФО

**\$2,6**  
МЛН.



**ЭКСПОРТ**

Импорт 63,2%  
ОТП 36,8%




**РЫНОК**

**\$73,2**  
МЛН



**ИМПОРТ**

Данные по рынку, экспорту и импорту за 3 мес. 2023 г.



**ПРОИЗВОДСТВО В РЕГИОНАХ**

## 2023 жылғы қаңтар-сәуірдегі жиһаз өнеркәсібі

Жиһаз өнімі өндірісінің көлемі 2023 жылғы қаңтар-сәуірде 28,5 млрд теңгені құрады, бұл, номиналды көріністе 2022 жылғы осы кезең көрсеткішінен 25,5% жоғары.

Саланың ФКИ көрсеткіші қаралған кезеңде 120,2% құрады. ФКИ өсуі жатын бөлмеге арналған ағаш жиһаз (керуеттер мен шкафтардан басқа) өндірісінің 64,9%, кеңсеге арналған ағаш жиһаз өндірісінің 17,8%; ас үйге арналған жиһаз өндірісінің 5,3% ұлғаюына байланысты.

Сонымен қатар, мына тауарларда төмендеу байқалады: негізінен металл каркасты арнайы отыруға арналған жиһаз 12,6% және асхана мен қонақ бөлмеге арналған жиһаз 4,2%.

Жиһаз өнімін тұтынудың ішкі нарығы 2023 жылғы қаңтар-наурыз қорытындысы бойынша, 115,8 млн АҚШ долл. (52,7 млрд теңге) құрады. Отандық өндіріс үлесі 36,8% құрады.

Жиһаз өнімі экспортының көлемі 2023 жылғы қаңтар-наурызда 2022 жылғы осы кезеңмен салыстырғанда ақшалай көріністе 2,6 млн. АҚШ долл. құрап, 90,6% өсті.

2023 жылғы қаңтар-наурызда жиһаз саласы экспортының тауарлық құрылымында негізгі көлемді төмендегі тауарлар құрады: жиһаз металл (839,5 мың долл. АҚШ), ағаштан жасалған жиһаз және оның бөлшектері (214,2 мың долл. АҚШ), мекемелерде қолданылатын ағаш жиһаз (198,3 мың долл. АҚШ), ағаш каркасты отыруға арналған жиһаз (194,6 мың долл. АҚШ), мекемелерде қолданылатын металл жиһаз (175,0 мың АҚШ долл.), әр түрлі материалдардан матрац негіздері (171,5 мың АҚШ долл.) және т.б.

Жиһаз өнімі экспортының көлемі Ресейге (39,6% от общего объёма экспорта немесе 1,0 млн. АҚШ долл.), Өзбекстанға (18,1% немесе 462,1 мың АҚШ долл.), в Қырғызстанға (14,9% немесе 381,4. АҚШ долл.) жіберілді.

Жиһаз өнімі импортының көлемі 2023 жылғы қаңтар-наурызда ақшалай көріністе 2022 жылғы осы кезеңмен салыстырғанда 73,2 млн АҚШ долл. құрап, 28% төмендеді.

Тауарлық құрылымда ең жоғары импортталатын өнім көлемі өзге де ағаш жиһаз (15,4 млн АҚШ долл.), өзге де металл жиһаз (7,9 млн АҚШ долл.), ағаш каркасты отыруға арналған жиһаз (7,6 млн АҚШ долл.), жатын бөлмеге арналған ағаштан жасалған жиһаз (7,5 млн АҚШ долл.), керуетке ауысатын не ауыспайтын отыруға арналған жиһаз және оның бөлшектері (3,7 млн АҚШ долл.) және т.б.

Импортталатын жиһаз өнімінің негізгі көлемі Ресейден (23,6 млн АҚШ долл. немесе жалпы импорт көлемінен 32,3%), Қытайдан (14,5 млн долл. АҚШ немесе 20%), Түркиядан (8,2 млн долл. АҚШ немесе 11,2%), Белоруссиядан (7,5 млн АҚШ долл. немесе 10,2%), Италиядан (5,9 млн АҚШ долл. немесе 8%) келеді.

Аумақтық кесінде жиһаз компаниялары еліміздің барлық өңірлерінде орналасқан. Алайда, еліміздің жиһаз өнімінің 27% Алматы қ. (7,7 млрд теңге) өндірілетіндігін атап өткен жөн.